

Жанасылов Сейсенбай

Қапасұлы,

*Халықаралық дәрежедегі "экстра
класс" төрешісі*

"Дәуренталантты спортшы. Тоқсаныншы жылдың орта кезінен бастап дзюдо күресімен айналыса бастады.

*Қазақстанның чемпионы атанды.
Екімыңыншы жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері болған Айдын Смағұловты Дәурен бірнеше рет ұтқан болатын. Қазақстан құрама командасының мүшесі болғанын атап айтқан жөн.*

Бүгінде жаттықтырушылық қызметте жемісті еңбек етіп жатыр. Жақсы спортшылар тәрбиелеуде. Талантты жанның жаттықтырушылық еңбекте де жарқырай көрінеріне сенімдімін".

Дәуренге тілек

Бесігінде-ақ жұлқынады жүректі ұл,
Қуанышым көк аспанды тіреп тұр.
Ел намысын ту ғып биік көтерген,
Дәурен сынды азаматқа тілек бұл.

Жарқылдаған ақ алмастай өткірім,
Барша әлемді мойындатқан текті ұлым.
Дәріс алған Демесінов Серіктен,
Бойға құйып Қыдырбайдың от-нұрын.

Нар көтермес ауыр жүкті өңгеріп,
Ауданыма даңқың жетті өң беріп.
Құшақжаяқарсыаладыел-жұртың,
Олқы тұсым бүгін толды сен келіп!

Маңдайыңнаншып-шыптерің
тамшылап,
Жігеріңдінамысыңменқамшылап.
Ел-жұртыңды қуанышқа бөлей бер,
Құттыболыпотызжасың-шамшырақ!

Үлкендерден үлгі-өнеге, бата алдың.
Ел намысы - палуанға қатал сын.
Желеп-жебеп Жидебайдай бабамыз,
Он алтыңда әлем чемпионы атандың!